

10 қараша,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

ЖУЫРДА АУДАНЫМЫЗҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ БАУЫРЖАН БАЛҒАБЕКОВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ҒАЛЫМБЕК ДОСАНОВ, «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС-НІҢ ДИРЕКТОРЫ РАУКЕН ОТЫНШИН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ЖУРНАЛИСТ ЖАҚСЫЛЫҚ АЙЖАН БАСТАҒАН ТОП АРНАЙЫ КЕЛДІ. КЕЗ-КЕЛГЕН ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҮШІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ БОЛҒАНДЫҚТАН АТАЛҒАН ТОПТЫҢ ДА МАҚСАТТАРЫ ОРТАҚ.



Сыбайлас жемқорлық еліміздің дамуына кері әсерін тигізетін үлкен бір кесел екені сөзсіз. Сондықтан, бұл кеселдің алдын-алу жолында Сыбайлас жемқорлық пен мемлекеттік қызмет заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар аудан тұрғындарына кеңірек түсіндірілді. Тоқтала кетсек, қайбір саланың болмаса басшысы өз қарамағында ағайын-туыстарымен қызметтес болуға болмайды. Оған заң түрінде шектеу қойылған. Сонымен қатар мемлекеттік мекеме басшыларының отбасы мүшелеріне сыяқы беруге де заңмен тиым салынған. Өйткені мұндай әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа жол берудің алғашқы тетігі болып саналады. Аталған жиында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдерінің айтақ ойлары осы мәселелер төңірегінде өрбіді. Біздің аталған келісімізден түгеніміз тек пайданы ғана ойлап пара алғандардың тұрағы темір торға айналады. Өрі қарай жалғасақ, алғашқы іс-сапарын Ойыл ауданынан бастаған



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдері Ойыл аудандық округі сервистік өкімдігінде аудан тұрғындарымен жеке қабылдау өткізді. Түстен кейін Саралжын аудандық округінде болып, мұнда да ауыл тұрғындармен кездесіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын жандандыруға шақырды. «Тәрбие бастауы тал бесіктен» демекші, балаға ерте жастан ешкімнің ала жібін аттамауға, өзгенің затын жымқыр-

мауға тәрбиелеу керектігі айтылды. Ауыл тұрғыны Жақсылық Бисалиев Саралжынға арнайы ат басын бұрып келген топқа ризашылығын білдіріп, сыбайлас жемқорлықпен күрес бірлескен түрде жолғаса берсе, ерқашан бірлікте ғана болсақ жасалған жұмыстар өз нәтижесін беретіндігіне толық сенім білдірді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

КОРОНАВИРУС ТҰРАЛЫ ӘР АДАМ БІЛУГЕ ТИС НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТ

АБАЙЛАҢЫЗ КОРОНАВИРУС!

Коронавирус инфекциясы деген не?
· коронавирус – вирус инфекциясының 2019-nCoV деп аталатын жаңа типі;
· жоғары тынысалу жолдарының жеңіл немесе орташа ауруына, өкпенің қабынуына, өлім-жітімге себеп болуы мүмкін;
· 2019 жылы Қытайдың Ухань провинциясында анықталды;
· вирус басқа елдерге сапарға шыққан адамдармен бірге таралады;
· коронавирус өте жылдам тарайды;
· коронавирусты жұқтырғандар мен вирустан қайтыс болғандардың басым бөлігі Қытайда тіркелген;
· Хубэй провинциясының 15 қаласында карантин жарияланып, тұрғындарға қаладан шығуға тыйым салынған;
· індет ошағына автобус пен пойыздардың қозғалысы, ұшақ рейстері тоқтатылды;
Коронавирус белгілері:
· дене қызуының көтерілуі;
· тұмау;
· бас ауруы;
· жөтел;
· тамақ ауруы;
· алақандық;
· іш өту.
* Имун жүйесі әлсіз өрі нашарлаған адамдар, сөбилер мен қарттар вирусты тез жұқтыруы мүмкін.
Инкубация кезеңі – 2 күннен 14 күнге дейінгі аралық.
Диагностика
Қазіргі уақытта Қазақстанда 2 сағаттық ішінде нәтиже беретін жаңа тест жүйелері қолданысқа енді. Ол үшін:
· қан анализін;
· несеп анализін;
· лаборатория зерттеулерін;
· ПТР-ды (полимераз тізбек реакциясы) талсыру қажет.
Коронавирусқа арнайы диагностика тек медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.
Инфекцияның берілу жолдары:
· көп жағдайда ауру адам жөтелгенде немесе түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тарайды;
· тұрмыстық байланыс арқылы: жеке байланыс, (жанасу, қол алысу, залалды объектіде болу немесе бетті тигізу)
Вирус өзі ағзадан тыс ұзақ өмір сүре алмайды және бірнеше күн ішінде жойылып кетеді.
Профилактика шаралары:
· қол және тыныс алу жолдарының гигиенасын сақтау, қолды 20 секунд бойы мұқият жуу, мұрынды изотон ерітіндімен жуу;
· иммунитетті арттыру: дұрыс ұйықтау, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу;
· бөлмені желдету;
· жиі қолданылатын заттарды залалсыздандыру құралдарымен сүрту;
· катарал құбылыстары бар тұлғалармен қарым-қатынас жасамау;
· коронавирус жағдайы тіркелген, қауіпті аймақтарға сапарға шықпау;
· адам көп жиналған жерлерден алшақ болу.

Ж.МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ,
Дәрігер-эпидемиолог.

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ «ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН, АУДАНЫҚ ЖОЛ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ОЙЫЛ - АҚТӨБЕ ТАС ЖОЛЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІН ТОҚТАТЫП, ЖОЛДА ЖҮРУ ТӘРТІБІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ ЖҮМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

Акция барысында көлік жүргізушілердің техникалық талаптарды толық сақтауы, жол ережесі мен санитарлық жүйеге де баса назар аудару керектігі айтылды. Халықты тасымалдайтын жолдаушылар көліктерінің тұрғындарды дйттеген жеріне кедергісіз жеткізу жолдары талқыланды. Ауыр және жеңіл көлік жүргізушілері жолдың сапасының жақсы екендігін атап өтіп, сонымен қатар өз ұсыныстарын білдірді. Қазіргі таңда жергілікті тұрғындардың, шаруа қожалықтарының малдарының жол бойында жайылуы алаңдаушылық тудырып отырғандығын айтады. Малдардың тас жолдарда жиі жүруіне байланысты түрлі жол-көлік апаттары орын алып отыр. Күндізгі уақытқа қарағанда кешқұрым жылқы малының тас жолдарда, маңайында жайылып көлік қатынасына кедергі тудырып отырғандығын атап өтті. Осы мәселе бойынша шара қолдануларын сұрады. Одан өзге көлік жүргізушілеріне жол ережелер мен жылдамдықты шамадан тыс асырмай, тас жолдарда белгіленген жылдамдықпен жүру қажеттігі ескертілді. Сәкен Займолдин жолдаушылар сапарына сәттілік тілеп, жеке өмірлеріне немқұрайлы қарамай, белгіленген жол талаптарын сақтауға шақырды.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
«Nur Otan» партиясы
Ойыл аудандық
филиалының консультанты.

САНДАР МЕН ДЕРЕКТЕР СТАТИСТИКА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

БИЫЛ БҰЛ САЛАНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН САЛА АУДАНЫНЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ТІЗБЕКТЕП КЕЛЕДІ.

Осы орайда өткен жұмада ауданда «Статистика күні» аталып өтті. Айтулы күнді елеусіз қалдырмаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудандағы Статистика саласының қызметкерлерімен бірге осы саланың зейнеткерлерімен арнайы кездесті. Оларды ғасырлық мерейтойларымен құттықтап, алғыс хаттарын табыстады. Ақжарма тілектер мен ыстық лебіздер айтылды. Сондай-ақ зейнеткерлер ауданның қиын-қыстау кезеңдеріндегі статистикалық деректерін еске түсіріп, бүгінгі күнге шүкір ету керектігін жеткізді. Расында «Жұтаған шүкірге тоймайды» дегендік емес, ауданның қазіргі даму көрсеткіші жоғары. Оны салада 25 жыл қызмет еткен сала ардагері Жалғас Мусинде жақсы біледі. Сондықтан ауданның өткен кезеңінен сыр шертті. Сарғайған тарих



беттеріндегі, яғни қалтқысыз қызмет еткен 25 жыл-дың ішіндегі сандар мен деректерді өлі де ұмытпапты. Сөз соңында барлық еріптестерін бір

ғасырлық мерекесімен құттықтап, осылайша еңбектерін елеп жатқан аудан әкіміне алғысын жеткізді.
М.ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ЕЛ ҮШІН ЕТКЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ



Жаз бойы ауданды абаттандыру, көгалдандыру мақсатындағы жұмыстар атқару үшін Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ықпалымен «Жасыл-ел» жасақшылары ауданымызда құрылған болатын. Жасақшылар маңдай тер төгіп, ауданымызда, ауылдарымызда қоқыс пен қажетсіз заттардан тазартты. Бұның бәрі елдің мүддесі үшін ауданымыздың тазалық кепілдігі.
Әр адам өз туған жерін қоршаған ортаны таза ұстау нұр үстіне нұр болмақ. Елге еткен еңбегі үшін «Жасыл ел» жасақшыларының ішінен үздігі анықталып «Жасыл-ел» еңбек жасақтарының қатарында белсенділік танытып, туған өлкемізді абаттан-

дырумен көгалдандыру да қосқан үлесі үшін Шынар Бекболатқызы облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің қолынан Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласына жолдама сертификат алды.
Бұл жолдама еліміздің жүрегі болған, даламыздың көркі болған еңселі Елордамызды тамашалау, саяхаттау мақсатында берілді. Облыс бойынша үздік үш аудан анықталып, біздің аудандан жасыл ел жасақшысы ие болды. «Жасыл ел» жасақшылары үшін үздік болған Шынарға еңбекте табыс, оқуда озат болуын тілейміз! Жетер жетістігі көп болсын!
Нұрсұлтан ЖУМИН,
Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлаудың өткізілуіне байланысты Ойыл ауданының өкімдігінде сайлаушылар тізіміндегі азаматтарды тексеру, сайлаушылар тізіміне енгізу немесе түзету енгізу, сайлау учаскелері орталықтарының орналасқан жерін нақтылау мәселелері бойынша барлық қажетті кеңестер беретін Call-орталық жұмыс жасайтындығын хабарлаймыз.
Call-орталықтың телефон нөмірі: 8 (71332) 21487, электрондық пошта uil@akto.kz
Call-орталықтың жұмыс уақыты: демалыссыз, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что в связи с проведением 10 января 2021 года выборов депутатов Мажлиса Парламента и маслихатов Республики Казахстан, в акимате Уилского района функционирует Call-центр, где предоставляются все необходимые консультации по вопросам проверки граждан в списках избирателей, включения, либо корректировки в списках избирателей и уточнения местонахождения центров избирательных участков.
Номер телефона Call-центра: 8(71332) 21487, электронная почта uil@akto.kz
Время работы Call-центра: без выходных, с 09.00 до 18.30 часов.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Қазақстан Республикасының ата Заңының 7 бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп айтылған. Сондықтан өзіміздің ана тіліміздің мәртебесін одан әрі көтеру мақсатында тіл туралы жазудан, тіл туралы айтудан және келер болашақ ұрпаққа тіліміздің деңгейін төмендетпеу туралы түсіндіруде жалықпай көптеген шараларды атқаруымыз қажет. Себебі тілімізде ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүрмен мен салт, мемлекетіміздің одан әрі қарыштап дамуы жатыр.
Сонымен қатар бабаларымыздың тарихы мен шежіресі, түрлі өдеби мұралары бүгінгі ұрпаққа өзіміздің ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихы халық тарихына ұқсас, өрі бірегей ұғым. Қоғамның жылжып өзгеруіне байланысты тіл де дамып өзгеріп отырады. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілгеннен кейінгі жылдары бұқара жұртшылықтың да, жастардың да ана тілі үшін көптеген

маңызды жұмыстар атқарғаны белгілі. Тәуелсіздігіміздің ең басты белгісі ана тілі, ұлттық мәдениеті болып табылады.
Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі және мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының ербір азаматының парызы болып табылады.
Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға, Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдас-тырушылық жағдайларды жасауды парызымыз деп санауы қажет. Себебі мемлекеттік тіл ел болашағы.
Ойыл аудандық сотымен мемлекет-

тік тілдің мәртебесін көтеруде ауданда орналасқан мекемелер арасында тілдің мәртебесі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп, аудандық сотта қаралатын істердің 99,5% қазақ тілінде қаралады. Осы аталған шараның өзі мемлекеттік тілдің дамуына қосылған үлес деп білеміз.
Мемлекеттік тілін қастерлеп, мәртебесін биік ұстайтын елдің болашағы жарқын болары анық. Өйткені, ана тілі кез-келген жерде болмасын қастерлі ұғым. Мемлекеттік тіл өр елдің мақтанышы, абыройы, бабадан ұрпаққа қалар мұрасы болып табылады.
Ана тіліміз баға жетпес қазынамыз және ұрпақтан-ұрпаққа қалып отыратын байлығымыз, ербір азамат өзінің ана тілін көзінің қарашығындай қорғап, мәртебесін дамытуда өзінің үлесін қосып отырса ана тіліміздің мәртебесі одан әрі биіктері өсізі.
Е.АЛТЫБАЕВ,
аудандық соттың
бас маманы.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377, 25
66525	Заңды тұлғаларға	4057, 25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897, 25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

АБАТ-БАЙТАҚ КЕСЕНЕСІ – БІРЕГЕЙ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЕСКЕРТКІШІ



Ақтөбе облысы бойынша «Қазақстанның киелі жерлері географиясына» республикалық деңгейде енгізілген 10 нысанның бірі – Абат-Байтақ қорымы.

Академик Әлкей Марғұлан көшпелі өркениеттің ерекшеліктерін, өзіне тән дүниетанымы мен бейнелеу өнерін талдай келіп «Ең көркем құлпытастар, сұлу күмбездер, кешендер, сағана тамдар Сағыз өзені бойында, Қобдада, Маңғыстауда сақталған» деп бағалаған екен.

XIV ғасырдың соңы - XV ғасырдың бас кезінде салынған Абат-Байтақ кесенесі Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Талдысай кентінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде Қобда өзенінің аңғарында орналасқан.

Абат – Байтақ кесенесі туралы алғаш рет XVIII ғасырда подпоручик және инженер Ригельман айтқан болатын. Толық түрде ескерткіш Я.Я.Попферовтың Орынбор ғылыми архивті комиссиясының мүшелерімен

және ғалым Жозеф Кастаньенмен суреттелген.

Оның құрамына шікі кірпіштен салынған мазар мен 200-ден астам құлпытас кіреді. Олар қабір үйіндісі мен шікі кірпішті қоршаулардың батыс жағында орнатылған. Абат Байтақ құлпытастары өртүрлі үлгілермен, композициялық және әшекейлік-сәндік бірегейлігімен, оймыштардың тартымдығымен ерекшеленеді. Келтеген ескерткіштерде араб өрлімі қазақ тілінде жазылған мәтіндер мен таңба-

лар ойылып түсірілген. Олардың тарихи-этнографиялық маңызы өте зор. Қорымда Кіші жүздің табын, кете, шекті, ожырай, байбақты және басқа да рулардың өкілдері жерленген. Профессор С.Әжіғалидың зерттеулері бойынша мавзолейдің қалыңдығы 3 метр, биіктігі 5 метрге жуық қасбеті (портал) болғандығын дәлелдеді. Мавзолейдің жалпы биіктігі 16 метр болған, қазіргі сақталып тұрған биіктігі 14,5 метр. Кесене үстінде 11 қырлы тұғырға орнатылған шошақ күмбез бар, ал негізгі тұрқы төрт бұрышты. Сыртқы тұрқының ауданы - 9,52 x 9,8 м. Құрылыстың сәулеттік құрылымы оның төрелерге тән екенін байқатады.

Халық аузындағы аңыздарға қарағанда, кесене атақты ойшыл Асан қайғы жыраудың ұлы Бесқона аңғарында кенеттен қайтыс болған Абат батырға арналып, бүкіл аймақ халқының қатысуымен тез арада тұрғызылған. Сондықтан, оның атына «Байтақ» деген сөз қосылған («кең»).

Бұл кесене Сары Қобда өзенінің бұрынғы аумағында тұрғызылған. Сол кездегі заман ағымына сай бұл ескерткіштің алыстан келе жатқан жолаушыға жарқырап көрініп тұруы үшін төбесіне алтын жалатқан бояулармен өрнектен салынуы мүмкін деген болжам бар.

Абат-Байтақ кешені аңызға айналған көнеңің көзі ғана емес, халықтың адал перзентіне деген сүйіспеншілігінің, өрлік пен мырзалықтың да белгісі.

ЕРБОЛАТТЫҢ ШӘКІРТІ

Ойыл ауданының балаларына күрестің өліп-сүйіп үйреткен Ойылда қазақ күресі мен еркін күресінің дамуына өзіндік үлесін қосқан алғашқы жаттықтырушы Ерболат Есниязовтың алғашқы шәкірттерінің бірі - Құнанбай Дәулетқалиев. Ерболат ағайдың арқасында Құнанбай талай белестерді бағындырды. Ақтөбелік Берік Көбенов, алғалық Ержан Қарабалин тағы да басқа облыс жеңімпазы болып жүрген жігіттер ақтық кездесуде Құнанбайдан ұтылып қалып, кілемді ұрғылап жылағанын талай көзіміз көрді. Бұл мектеп қабырғасында оқып жүрген кездері еді. Мектеп бітіргеннен кейін Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Азаматтық боршынан өтеп келгеннен кейін, спортшылық өмірін қайта жалғастырды. Облыстық жарыстарға қатынасып, аудан намысын бірге қорғады. Құнанбай жан-жақты спортшы болды. Спартакиадаларда спорттың барлық түрлеріне, күреске де, жеңіл атлетикаға да қатысты. Сонымен қатар бәрінен де жеңімпаз атанды. Кейбір спортшылар кішінен жетістікке жетсе көкірегін көтеріп, мақтанып, өлсіз адамдарға қол көтеріп шыға келеді. Мұндай қасиет Құнанбайдың бойында болған жоқ. Облыстық, республикалық жарыстарда жүлделі орын ала да, қарапайымдылығын сақтап, кішіпейілділік танытты. Сол кезде яғни 1982 жылдары күрес үйірмесі 3 ауылда жұмыс жасады. Ойыл селосында, Қаратал ауылында, Қаракемер ауылында. Қаратал ауылында Қазі Мұқанбеталин деген жігіт жұмыс жасады. Спорттың арқасында 3 ауылдың балдары осы күнге дейін бір-бірімен дос, жақын араласып тұрады. Шәкірттері Саттар Досмайлов облыстық кәсіп жол полициясында қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Мейіраң Қосдәулетов Ақтөбе облыстық қауіпсіздік комитетінде бөлім басшысы, спорт ардагерлері арасында самбо күресінен әлем чемпионатының жүлдегері. Сәкен Займолин «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін абыройлы атқарып келеді. Қанат Ермағамбетов Ойыл балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры қызметін атқаруда. Құнанбай мен жолдасы Базарғұл бақтыты жаңа. Отбасында 3 бала тәрбиелеп отыр. Балалары жоғары білім алған, үлгілі тәрбие алған азаматтар.



Мінсізбай ЖАЙЛЫБАЕВ, Өртіпес жолдасы.

ЦИФРЛЫҚ ЭФИРЛІК ТЕЛЕХАБАР ТАРАТУ ЖЕЛІСІНЕ КӨШУДІҢ КӨРЕРМЕН, ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯЛАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

«Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру – бүгінгі күннің басым міндеттерінің бірі болып отыр. Осы бағдарлама аясында, Қазақстанда цифрлық эфирлік телевизиялық хабар таратуды енгізіліп жатқан цифрлық форматтан анағұрлым асырылып жатыр.

Цифрлық хабар тарату әр үйге қолжетімді болмақ. Оны жүзеге асыру туралы шешім техникалық прогреске негізделген. Сондықтан аналогтық хабар тарату желісі ескірін сарқынып қалып отыр. Оның мүмкіндіктері өлемдік масштабта енгізіліп жатқан цифрлық форматтан анағұрлым төмен.

Аналогтық желіде бұрын 2-3 арна ғана көруге мәжбүр болып келген көрерменнің енді цифрлық телевизиядан ұтары көп. Сонымен қатар, цифрлық эфирлік телехабар тарату желісі жоғары сапалы кескін мен дыбысты қамтамасыз етеді. Мұның «аналогтан» айырмашылығы бейне үзілмейді, дыбыс жоғалып кетпейді. Бұл жерсеріктік немесе кабельдік телехабар таратумен бірдей, бірақ цифрлық телехабар таратудың олардан айырмашылығы мүлдем ақысыз. Желіге қосылу үшін теледидардың DVB-T2 стандартында көрсететінін көз жеткізу керек, абонент тек дециметрлік антеннаны қосуды керек. Егер теледидар DVB-T2 стандартын қолданса, онда сізге цифрлық сигнал қабылдағышын сатып алу қажет. Цифрлық телевизиялық хабар тарату шеңберінде қазақстандық мектеп оқушылары бүгінде «Balapan» және

«El Arna» телеарналарында көрсетілген бейнесабақтармен танысуға мүмкіндік алды. Телесабақтар жоғары сапалы сурет пен дыбыста, балаларға онлайн-форматта жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Теледидардың білім беру міндеті коронавирус пандемиясы салдарынан жарияланған карантин кезеңінде ерекше өзектілікке ие болды.

Оқушылар сонымен қатар, GALAM TV интернет қосымшасын пайдаланып бейнесабақтарын көре алады. Ол барлық танымал Web, iOS, Android, Smart TV және STB платформаларында қол жетімді. GALAM TV пайдалану өте ыңғайлы, оқушы кез келген уақытта бейнесабақты қайтадан көре алады. Сондай-ақ, эфирді кідіртуге және кейінірек көруге болады. GALAM TV-дің тағы бір артықшылығы - бейнесабақты бір күн, бір сағат бұрын немесе эфир басталғанға дейін көруді ескерту.

Бұл цифрландырудың тағы бір артықшылығы бүкіл ел бойынша телеарнабағдарламалар санының көбеюі, сонымен бірге радиоспектрдың құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды басқаратын мемлекеттік органдардың қажеттіліктері үшін радиожіліліктерді босатуды айтуға болады.

Цифрлық телевизиялық хабар тарату кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда, бірақ қазіргі өзінде мамандар ол жаңа қызмет нарықтарының дамуына және арналардың маркетингтік күресінің жаңа кезеңіне серпін береді деп болжап отыр.



ПЕРЕХОД НА ЦЭТВ, ПЛЮСЫ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ, ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЙ И ГОСУДАРСТВА

Реализация Государственной программы «Цифровой Казахстан» является одной из приоритетных задач на сегодняшний день. В рамках данной программы активно реализуется проект по внедрению цифрового эфирного вещания в Казахстане.

Сегодня цифровое вещание приходит в каждый дом. Решение о его внедрении обусловлено техническим прогрессом. Поэтому аналоговое телевидение практически изжило себя, так как уступает во всем цифровому формату, который внедряется в общенациональном масштабе.

Зритель от перехода с аналогового на цифровое ТВ только выигрывает, получая доступ к большому количеству каналов, чем прежде. Помимо этого ЦЭТВ обеспечивает высокое качество изображения и звука. Здесь, в отличие от «аналога», изображение не прерывается, звук не пропадает. Это очень важно, так как спутникового или кабельного ТВ, но отличающегося от них тем, что цифровое эфирное телевидение абсолютно бесплатно. Чтобы подключиться к нему, необходимо убедиться, что телевизор поддерживает цифровой стандарт вещания DVB-T2, абоненту останется лишь подключить дециметровую антенну. Если телевизоры не поддерживают стандарт DVB-T2, то нужно приобрести приемник цифрового сигнала. Следует отметить, что жителям городов и сел станут доступны от 15 до 30 каналов стандартной четкости.

В рамках цифрового телевидения казахстанские школьники сегодня имеют возможность заниматься на видеоуроках, транслируемых на

телеканалах «Balapan» и «El Arna». Телезанятия проходят в высоком качестве изображения и звука, позволяя детям получить новые знания в онлайн-формате. Особую актуальность образовательная функция ТВ приобрела в период карантина, объявленного из-за пандемии коронавируса.

Также учащиеся могут смотреть видеуроки с помощью интернет-приложения GALAM TV. Оно доступно на всех популярных платформах Web, iOS, Android, Smart TV и STB. GALAM TV очень удобно в использовании, школьник в любой момент может посмотреть видеурок заново. Также есть возможность поставить эфир на паузу и досмотреть позже. Еще одно преимущество GALAM TV – напоминание о просмотре телеуроков за день, за час или перед началом трансляции.

И это далеко не все плюсы цифровизации. Одним из ее достоинств станет увеличение количества теле- и радиопрограмм на всей территории страны, при этом произойдет значительное высвобождение радиочастот для нужд государственных органов, эксплуатирующих радиоэлектронные средства и высокочастотные устройства, сократится потребление электроэнергии. А это в свою очередь позволит существенно сэкономить бюджет государства.

Цифровое телевидение проходит поэтапную реализацию, но уже сейчас специалисты прогнозируют, что оно даст толчок для развития новых рынков услуг и новый виток маркетинговой борьбы каналов.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

Өркениетке ұмтылу, өзге елдің озық тәжірибесін, жақсы жақтарын ала білу – бүгінгі күннің басты талабы. XXI ғасырда өркениетті жақсы нәрсеңіз барлығын сіңіру арқылы озық ұлтқа айналуға болады.

Қазіргі кезде еліміз экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем түспейтін рухани-адамгершілік даму кезеңіне келіп отыр.

Елбасы өз сөзінде айтқандай, «Мемлекет пен ұлт қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді». Сондықтан өзіміздің ұлттық-мәдени құндылықтарымызды заман ағымына сәйкес бейімдеу қажет.

Осы ретте «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы рухани жаңғыртудың бірегей бағдарламасын ұсынған үлкен идеологиялық құжатқа айналды.

«Жаңғыру жолындағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», «Бұл мәселе біздің ұлтымыздың болашағы мен рухани өлеуетіне тікелей қатысты. Түптеп келгенде мақала қазіргі Қазақстанның экономикалық және техникалық жаңғыруының идеологиялық негізі, - деді ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында.

Бағдарлама қабылданған 3 жылдан бергі уақытта Ақтөбе облысында 6 арнайы бағыт бойынша жұмыстар атқарылуда. Өңірдегі барлық салалар, қалалық және аудандық өкілдіктер, облыстық басқармалар, жоғары оқу орындарында жүйелі түрде жасалған жұмыстар сараланып, қорытындыланды.

Мемлекет тарапынан қабылданған қандай да бір бағдарлама, бастама болсын, халық оның игілігі мен нәтижесін көруі керек. Соған сай оның даму бағыты, озық тәжірибесі мен кемшін тұстары анықталады. Ол үшін елдегі әлеуметтік үрдістерді және қоғамдық сана құрылымындағы өзгерістерді талдауда әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізіледі және ол зерттеулер қоғамдағы әлеуметтік құбылыстармен процестердің шынайы сипатын білуге мүмкіндік береді.

Осы орайда, облыс тұрғындарының «Рухани жаңғыру» мақаласының мазмұнымен ақпараттандырылуы бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілді.

Респонденттердің пікірі бойынша қоғамды жаңғыртудың қозғаушы күшінің алғы шебінде білім беру саласының мамандары – 26,3%, қоғамдық қайраткерлер мен құқық қорғаушылар – 22,3%, ғылыми зияткерлер – 20,6%, БАҚ өкілдері – 16,5%, спорт өкілдері – 16%, бизнес өкілдері – 11%, медицина саласының өкілдері – 9,1%, шығармашылық зияткерлік – 6,1%, мемлекеттік қызметкерлер – 4,6% көрсеткіші анықталды.

Осылайша, халық арасында өткізілген сауалдарға сәйкес Бағдарламаның Ақтөбе жұртшылығының қызу қолдауына ие болғанын көруге болады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларындағы көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін облыс, қала, аудан өкілдіктері жанынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталықтары құрылды. Облыстық, қалалық, аудандық өкілдіктерде қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі комиссиялар құрылды. Бұл құрылымдар жұмысына ғалымдар, мемлекеттік қызметкерлер, ардагерлер, өлкетанушылар, тарих, әдебиет, география пәндерінің мұғалімдері, өнер қайраткерлері т.б. жұмылдырылды. Комиссия мен орталықтың жұмысы жүйелі ұйымдастырылып, жаңғыру бағыттарының орындалуына тиісті дәрежеде ықпал етуде.

Облыстық орталық қалалық, аудан-



дық орталық мамандарын оқытып, олармен семинарлар, тренингтер өткізіп, дайындықтарын, тәжірибелерін жақсартып келеді. Әдістемелік жинақтар шығарылып, көмектер көрсетіледі, мониторингтер жүргізіледі.

Облыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасының материалдық базасы жасалған. 3 жыл ішінде Ақтөбе қаласында рухани бағытта жұмыс жасайтын бірнеше әлеуметтік-мәдени ғимараттары іске қосылды. Аудандарда 100-ден астам коворкингтер, жастар орталықтары, спорт және балалар алаңдары, балалар шығармашылығы орталықтары, мәдениет үйлері салынып, жаңаша жұмыс жасауда. Жұмыстың түрі мен мазмұны жаңарып, сананың өзгеруіне қызмет етуде. Кітапханалар мен музейлер «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағыттарында белсенді жұмыс жасауда.

Архив жұмысы жанданып, облыс тарихы бойынша зерттеу жұмыстары және деректер жинау қолға алынды. 3 жыл ішінде облыста 320 әлеуметтік-мәдени құрылыс нысандары іске қосылды. Олар бескеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизм, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, эволюциялық даму және т.б. маңызды бағыттар бойынша жаңғырту жұмыстарын жүзеге асыруда.

Ұлттың өркениетті, озық болуы оның жерінің үлкендігінің, табиғи байлықтарының молдығының, халқының көптігімен өлшенбейді, адамдарының бәсекеге қабілеттілігімен, білім, мәдениет, денсаулық дәрежесімен, еңбекқорлығымен айқындалады. Сондықтан мақаланың негізгі өзегі – ұлттық сана б басым бағытқа ие.

Адамның өмірі ең әуелі моральмен реттеледі. Бұған білім мен тәрбиенің нәтижесі арқылы жетуге болады. Олай болса, биыл мерейтойлары аталып өтілетін ұлы ғалым Әбу Насыр өл-Фарабидің (1150 жыл) «Тәрбиесіз берілген білім қауіпті» деген идеясы, ұлы Абайдың (175 жыл) «Толық адам» идеясы, ұлы ақын Нұрпейістің (160 жыл) «Білім біл, оқып қарманда, Оқымай қалма арманда» деген өсиеті рухани жаңғыру бағыттарымен сабақтасты. Мазмұнда келіп, сананың өзгеруіне, жадимыздың жаңғыруына ерекше серпін беруде.

«Ұлттық тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы ең басты қажеттілік – жастардың рухани тәрбиесін жетілдіру, бұл қазіргі кезеңнің ең өзекті мәселесі болып отыр.

Адамзат дамуының қазіргідей аса күрделі кезеңінде, Мемлекет басшысы «Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр»-дегендей, күрмеуі қиын күрделі мәселелерді шешу, «Рухани жаңғыру» міндетін атқару, ұлт болып ұйысу, жұмылу арқасында жүзеге асырылады. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі аудады қажет.

Соған байланысты, облыстық, қалалық ардагерлер кеңесімен бірлесіп түрлі бағыттағы тәрбиелік мөні бар іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Басты мақсат мемлекеттік және азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының негізінде барша рухани саланы жаңғырту.

Азаматтық қоғамның бөлініс бөлшеуі – үкіметтік емес ұйымдар бағдарламаны жүзеге асыруға өз үлестерін қосып, тұрғындар арасында бағдарламаны насихаттау бағытында тұрақты түрде жұмыстар жүргізуде.

Сонымен қатар Президенттің халыққа Жолдауында үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру, халық пен биліктің арасындағы диалогты қушейтеу туралы тапсырмасына сәйкес жұмыстар жасалып келеді.

Бүгінгі күні өңірде 100-ден астам қоғамдық ұйым белсенді жұмыс жасап, облыстық қоғамдық-саяси және әлеуметтік дамуына атсалысуда.

Мемлекет, бизнес пен үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік мәселелерді шешудегі серіктестігі, кәсіпкер азаматтарды «Туған жерге тағзым» деп, патриоттықпен туған өлкесін дамытуға жұмылдыру халық көңілін шығып, лайықты өріс алуға.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы көлемінде облыста азаматтық қоғам қозғалысы өрістеуде, тұрғындардың, кәсіпкерлердің белсенді азаматтық ұстанымдары айқын көрініуде, патриоттық іс-қимылдары жағымды жақсы нәтижелер беруде. Олардың тарапынан тұрғындар үшін жүзеге асырылған маңызды да көлемді демеушілік шаралар мен жүректен шыққан қайырымдылық, бірлік, достық, татулық акциялары ойланған жерден шығып, көпшіліктің ризашылығына ие болуда.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында меценаттар, кәсіпкерлер өз қаражаттарына ұлы даланың ұлы есімдеріне, тарихи тұлғалар – хандар мен батырларға, біл-сұлтандарға, мемлекет, өнер қайраткерлеріне ескерткіштер орнатып, патриотизмді, тарихимызды танытуға үлес қосса, мұқтап отбасыларға пәтер алып, балабақшалар салып, мектептердің, мәдениет мекемелерінің ғимараттарын жөндеп, материалдық жағынан көмектесуде.

Тіл, дін, діл, ел, жер секілді киелі де қасиетті ұғымдармен қатар әрбір халықтың мақтанш ететін, аса құрметтейтін киелі орындары бар, оларды танымал ету, сақтау, қалпына келтіру киелі жерлер географиясы жобасы арқылы жүзеге асырылуда. Республикалық маңызы бар киелі жерлердің тізіміне біздің облыстан 10 ескерткіш енгізілді.

Қазақстанның мәдени жетістіктерінен өлемдік деңгейде насихаттау барысында заманауи қазақстандық мәдени бағдарламасын жүзеге асыра отырып, ақтөбелік өнер, мәдениет қайраткерлері опера, би, эстрада, өн, күй, ақандар айтысы, театр, терме, жыр жанрлары бойынша толағай

КҮЙ ОРДАСЫНЫҢ ОҒЛАНДАРЫ



“Өнер деген өлкеге қосынды тігіп орныққан соң - тайпанда, тегінде “Өнер” боп қалғанға не жетсін!” –дейді жырау ағамыз Алмас Алматы.

Әкесі Қуан екінші ұлы дүниеге келгенде ерекше қуанып, шілдеханасына жиылған ауылдастарының көз алдында сол өңірге белгілі Талым күйшіге «Өзіндей домбырашы болсын!» - деп сөбидің есімін Ахмет қалыптасты. Бойына туа бітті өнер дарыған Ахмет, тек өнерлі ғана болып қоймай, туған халқының өнерін зерттеуші фольклорист-ғалым болып қалыптасты. Өрі бірден-бір жоқтаушысы бола жүріп, ұлтымыздың аса дарынды өнерпаздарының аттарын атап, түстерін түстеп тасқа басып кітап етіп шығарды. Оған дәлел «Замана бұлбұлдары» мен «Ғасырлар пернесі».

Осы ерекше қабылетін байқаған ауыл музыканты Әжіғалиев Хұсайын оған мандолина мен скрипкада ойнауды үйретеді. Бойына туа бітті өнер дарыған Ахмет, тек өнерлі ғана болып қоймай, туған халқының өнерін зерттеуші фольклорист-ғалым болып қалыптасты. Өрі бірден-бір жоқтаушысы бола жүріп, ұлтымыздың аса дарынды өнерпаздарының аттарын атап, түстерін түстеп тасқа басып кітап етіп шығарды. Оған дәлел «Замана бұлбұлдары» мен «Ғасырлар пернесі».

Өкесі Қуан екінші ұлы дүниеге келгенде ерекше қуанып, шілдеханасына жиылған ауылдастарының көз алдында сол өңірге белгілі Талым күйшіге «Өзіндей домбырашы болсын!» - деп сөбидің есімін Ахмет қалыптасты. Бойына туа бітті өнер дарыған Ахмет, тек өнерлі ғана болып қоймай, туған халқының өнерін зерттеуші фольклорист-ғалым болып қалыптасты. Өрі бірден-бір жоқтаушысы бола жүріп, ұлтымыздың аса дарынды өнерпаздарының аттарын атап, түстерін түстеп тасқа басып кітап етіп шығарды. Оған дәлел «Замана бұлбұлдары» мен «Ғасырлар пернесі».

Осы өнер ордаларын ашып, заман талабына сай жарақтап, алғашқы қадамын бастырығанда Ахаңның жасы небәрі 28-де екен. Әдетте “отыздында орда бұазар-қырқында камал апар” дейміз. Енді бағамдай беріңіз, аяулы Ахаңның жас басынан-ақ қандай орданы бұзып, қандай қамалдарды алғаны. Әрі бұл кезең болашақ академик өмірінің жарқын беттері болатын, алда небір нәубетті ауыр жылдар тосып тұрған, ол өрине өз алдына бөлек өңгіме.

Сонымен Ахаң ірге тасын қалаған, бүгінгі күні халық аспаптары оркестрлерінің ата-саналатын Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестріне оралайық. Осы өйгілі ұжым бүгінгі күні өзінің құрылғанының 86 – жылдығына қадам басып келе жатыр. Оркестрімізді ер жылдары белестен-белеске шығарып, жеңістен-жеңіске жеткізген небір саңлақ дирижорлар, алғыр ұжым басқарушылары болды. “...жас келсе іске демекші...” сонау 1952 жылы Ахаңның ұсынсымен өрі қолдауымен, оркестрге бас дирижор өрі көркемдік жетеші боп тағайындалғанда Қажығалиев Шамғон ағамыз небәрі 25-ақ жаста екен. Ахаңның төуекелімен өзіне артылған зор сенім мен жауапкершілікті жас болсада сезіне білген Шамғон ағамыз оркестрді небір биіктерге бастай жөнелді.

Айта кету парыз: Ахаңның айтқанына көніп, айдауына жүргісі келмей, біржағы өзін жассынып, өрі “өйгілі скрипкашы” - болу арманы тағы бар, оркестрдің басшысы болуға бірден келісе қоймайды. Ақыры Ахаңның «Әй бала! Енді көнбесең консерва-

ториядан шығарам» - деген соң амал жоқ келістім деп Шәкең талай мәрте рахаттана айтып отыратын. Әй, өрауығыңан айналайын Ахаң талантты жазбай таныған екен-ау. Сонымен келе сала білек сыбана іске кіріскен қадырлы Шамғон ағамыз, оркестрді келер 1953 жылы Бухаресте (Румыния) өтетін Бүкіләлемдік IV-жастар фестиваліне дайындай бастайды және ол фестивальде 100- ден аса ансамбль мен оркестрлердің ішінен оза шауып бірінші орын мен алтын медаль тағынып, сол кездегі Кеңестер Одағы мен Республика мәрегінің устем қылды.

Иә, оркестрді небір салтанатты жиындарда, мемлекеттік деңгейде өтетін концерттерде жарқырата көрсетті. Төккен тер зая кетсінбе, оркестрдің даңқы жыл сайын артып, абыройы аспандай түсті. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген коллективі» (1967) «Академиялық оркестр» (1978) «Халықтар достығы ордені» (1984). Өрине осының бәрі жалғыз Шамғон ағамыздың еңбегі деуден аулақпыз, оркестрдің бірнеше буын музыканттары, қатардағы дирижорлары, басшылықтағы директорлардың еңбегі зор. Дегенмен “арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда жүрсе, артың дөңгелегі де сонда жүретіні” бесенеден белгілі емеспе... Шәкең, ұстазы Ахаңның сенімін ақтап оркестрді көтерсе, оркестр Шәкеңде жерде қалдырмады. Қазақ ССР-нің халық артисі (1967) КСРО-ның халық артисі, профессор (1980) Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Хош! Сонымен Шәкеңнің алтын дәуірі аяқталып, оркестрге жаңа бас дирижор, басқарушылар келді. Шамғон ағамызды (1991) Айтқали Жайымов, Жайымовты (2006) Төлепберген Абдрашев ағамыз, (2008) Дүйсен Үкібай, Үкібайды (2010) Жалғасбек Бегендіков ауыстырды. 2013 жылы оркестрге бас дирижор болып жалынды жас, талантты домбырашы Арман Жүдебаев келді. «...Мен жастарға сенемін» - деп Мағжан ақын бекер айтыппа. ? Ол өзі осы оркестрде студент кезінен домбырашы болып, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясының студенттер оркестрін басқаратын.

Айта кету керек, Құрманғазы атындағы оркестрге келетін дирижорлардың дені, осы студенттік оркестрді басқарып барып келетін дәстүр өуелден қалыптасқан. Сонымен Арман арманына қанат қаққандай, жаңаша сыйпат, жаңа леппенен оркестрді самғата жөнелді. Қолдан-қолға өтіп, бағытынан айырылып, жүрісінен жаңылғандай көрінген оркестр Арманның басқаруында қайта түлегендей есер берді. Арманның аса сезімтал түйсігі, дыбысқа деген саққұлағы, музыканттарға қояр талабы оркестрдегі санқилы аспаптардың үніне бояу қосқандай болды. Музыканттардың жұмысқа деген ынтыас ерекше артып, жасы бар, жасамысы бар жұдырықтай жұмылып қызметтеріне айырықша мән бере бастады. Арманның ерекше құштарлығы артып, ер концерт айтарлықтай табыспен өте бастады. Жаратылысынан келбетті, бойшаң азамат алшандай басып келіп, маңдайы жарқырап, сымдай тартылып оркестрдің алдына тұра қалғандағы көрінісіне, көрермен ықыластан қол соғып жіберетін.

Көп ұзамай-ақ көрермендер саны мөлаиып, Арманның өнерін тамашалауға келетін жандар көбейе бастады. Сөйтіп маэстро көрермендер көзайымына айналды. Арманның қабылеті классикалық шығармаларды ойнатуға ерекше көріне бастады. Жалпы батыс классикасы негізінен симфо-

ниялық оркестрге арналып жазылғанымен, Арманның ойнатуында, халық аспаптары оркестрінің төл шығармасындай есер қалдыратын. Кейінгі кезде дирижор бір орында бастауға аяқ тұрып алмай, кей шығармаларды өркін қимылмен басқарып ойнататын үрдіс пайда болды. Ертеректе Нұрғиса (Нұраға) Атабайұлы шығарманы бастап беріп шығып кетіп, сол шығарманың соңына бір-ақ оралатын, бұл көрініс көрермендерге ерекше есер ететін. Арман маэстрода Иоганн Штраустың(өкесі) «Радецкий маршын» оркестрге жаңаша ойнатып, көрермендерге айырықша көңіл-күй сыйлайтын. Шығарма барысында оркестрді аралап, қалаған музыканттың жанына барып, хал-жай сұрасқандай, өзін-қалжыңмен ойнатып керемет көрініс қалыптастыратын.

Арманның кішкентайынан домбыра ұстап, жандүниесі күйге қанығып өскені, оркестрге күйлер ойнатуда недәуір пайдасын тигізді. Оның орындатқан күйлері, оркестр мүшелерін және тыңдаушыларын бей-жай қалдырмайтын. Дирижор таяқшасын қолына алып жасаған төрт-бес жыл барысында, осы мамандықтың қырсығана қанығып, толыса бастаған шағында Арман Әділханұлы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияға ректор боп тағайындалды. Ендігі жерде халқымыздың талантты ұлына басшылық қызметтеде табысты болуын тілейміз.

Оркестрде жасап келе жатқан тағы бір дирижор Мәдениет қайраткері Жексен Айсын мырза. Асқан табандылығымен еңбекқорлығының арқасында, оркестр репертуарының мөлаиыуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан дарынды өңдеуші. Оркестр қорында жиналған жеті мыңға жуық шығармалар жинтығы осы азаматтың қолына сеніп тапсырылған.

Кітапхананы төртіпке келтіріп, көне партиалар мен партитураларды жамал-жасқап, заман талабына сай компьютер тіліне аударуда орасан еңбек атқарушы. Өрі шетел классиктерінің шығармаларын халық аспаптары оркестріне аударуда көз майын аймай еңбек етуде. Енді осы азаматтың дирижорлық қырқына келейік. Басында өйгілі дирижор Абдрашев Төлепберген ағамыздың классына түсіп, Бегендіков Жалғасбектің классынан аяқтап шыққан талантты жас, қазір бабына келген көнігі дирижорға айналды.

Қазір өзінің оркестрге лайықтап түсірген шығармаларынан бірнеше концерт беретін дәрежеге жетті. Екі жүзден аса түсірген шығармаларының ішінде : Антони Дворжактың «№9 симфониясы» Иоганн Штраустың (ұлы) « Аңшылықта » - полькасы, Алмас Серкебаевтың «Шалқымасы», Тілес Қажығалиевтің « Қыз қуу», Еркеғали Рахмадиевтің «Құдша-дұман» симфониялық шығармалары ерекше орын алады... Міне осы шығармалардың өзімен-ақ оркестр репертуарына сүбелі үлес қосқандығын айта кету парыздымыз деп білеміз.

Өр дирижордың сүйіп орындататын шығармалары болады. Жексен мырзада ол жоғарыда айтқан Иоганн Штраустың (ұлы) « Аңшылықта » полькасы. Ол осы шығарманы ойнатар алдында, жасырын тапанша алып шығып, көрермендерге қарап тұрып тәрс еткізіп төбеге атқанда, селк ете қалмайтын жан болмайды. Сөйтіп шығарманың ортасында бір, аяғында екі-үш рет тарсылдатып барып шығарманы аяқтайды. Бұның бәрі өзін екенін енді ұғыған көрермен қауым қыран-топан күлкіге батады.

Осындай қалжыңбастығымен көптің

көңілінен шығып жүрген Жексен, әу баста оркестрге студент кезінде, бас домбыра аспабында ойнап келді. Сол кездегі концертмейстер Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әжімұратов Қуаныштан төлім алып, күндердің – күні концертмейстер болып ағайынның орынына отырды. Бүгінгі күні таза дирижорлыққа ауысып талмай еңбек етуде. Әліде алар асуы мен бағындырар биіктерінің алда екеніне сене отырып, сол жолда бағы жаныуына тілекшіміз.

2013-18 ші жылдар аралығында оркестрге бас дирижор болған Жүдебаев Арманның орынына , талантты домбырашы, жас пері Тілепберген Абылай келді. Абылайда консерваторияны аяқтап, сол жерде ұстаз боп, өрі студенттік оркестрді басқарып жүрген. Бір емес екі мәрте магистратура бағдарламасын (домбыра, дирижор) аяқтаған. Жас кезінен бөйгеге қосылып, солардың түгелінен дерлік бас жүлдені иеленген. Төрт аяғын тең басқан жорғадай өккі мұзыкант. Мінекі жолындаған 28-інде оркестрдің басына тұрған Абылайда басшылықтың сенімінен шығып, ұжымның үмітін ақтағандай. Білімі мен білігіне туа бітті адами асыл қасиеттері қосылып, Абылай оркестр алдында зорай көрді.

Біздің пайымдауымызша, дирижор қол сермен ойнатуда бөлек оркестрдің ұстазды бола білуі тиі. Өзіміздің күйлеріміздің шығу тарихынан бөлек, шетел классикалық жауһаларында тарихын біліп, оны талдап, зерделеп, музыканттарға шығарманың басты идеясын, сюжетін түсіндіре білсе. Сол кезде ғана шығарманың мазмұны ашылып өте сәтті орындалуы даусыз. Ал сәтті орындалған шығарма, көрермен тыңдаушылардың жүрегіне жол тауып орнығары сөзсіз. Осы жағынан келгенде Абылай расыменде музыка өлемінің арғы-тері тарихынан барынша сусындап, терең білім алғандығын реті келген жерде бірнеше мәрте байқауы үлгірді. Оны қанша жас көрейін десеңде, ақыл-парасатқа толы ой-тұжырымдары тыңдаушыларын іштей бас шұлғытып, жаста болса оркестрдің ағасы екенін мойындатып тастайды.

Орайы келгенде “ Абылай-ау екі мәрте магистратура оқыдың, доктарантура не боп жатыр?” - дегенімізде, “оның ауылы алыстауа деймін, өйткені өзiрге пісіп-жетіліп, ішкі дүниемді байытып, көңілімің көкжиегін кеңейтіп барып, өзіме абден сенгенде ғана барсамба деймін...” дегені «...шү күндігін емес үш жылдығын ойлаған жанның » жауабы дер едік. Оркестрмен жұмыс барысында музыканттарды шаршатпай өзін араластыра сөйлеп, керек жерінде күлдері отыру олда дирижорға керек пайдалы қасиеттердің бірі. Өзіміздің ұлы Ахмет Жұбановтан бастап Фуат Мансұров, Нұрғиса Тілендиев, Төлепберген Абдрашевтің, қазіргі Қанат Ахметовтердің бойында сондай қасиеттер молынан...Осы қасиеттен Абылайда құр болмай шықты.

Жұмыстың ортасынан аса музыканттар сүлесқотана бастаған бір сәтте айтқан өңгімесі: ертеректе ішетіндер мен ішкіліктің молдау екізі. Жаманат хабарды ести сала екі дос ел қатарлы көңіл айтуға асығады ғой. Біреуінің есі бар, екіншісі шала естілеу, екеуі келсе үйдің іші азан-қазан. Көрісіп көңіл айтушылар мен үй иелерінің жоқтаулары қосылып дегендей...сонан есі бары, есі шаланы кіре

беріске сүйеп отырғызып, өзі көңіл айтып шығып сырттағы дүрмекке қосылып кетеді ғой. Сонымен көңіл айтып кіріп-шығу жалғасуда, дауыс айтып жоқтаудың қызған шағы. Өлгі сүйеніп отырып ұйқыға кеткен шіркін, азалы дауыстан оянып кетіп “ Ой, пәлі дерсің!”-деп қояды дейді.

Осындай езу тартқызар зілсіз өзіндерімен музыканттарды сөлт еткізіп, жұмысты жандандырып жіберер тамаша тәсіл Абылайдың бойында бары шыныменен қуантады. Құрманғазы атындағы айтулы оркестрдің басында жаста болса шын таланттың тұрғаны, өрі аталары мен ағаларының салып кеткен жолымен өліде небір асуды аларына сене отырып «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Абылай Жанболатұлына табыстады жемісті жылдар тілейміз.

Жастайынан оркестрге домбыра тобына келіп, кейін біржолата дирижорлыққа ауысқан азаматтың бірі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бекентұров Жанас ағамыз. «Қарға бойлы Қазыбектей...»- бойы бар, көл-дәрия ойы бар. Өз ісіне адал, музыка саласында небір өткелектерден аман өтіп, атына сын түсірмей келе жатқан жақсы ағамыз. Ахаңнан бергі дирижорларды түгел көрген. Шамғон Қажығалиев ағамыздың шәкірті өрі Шәкең атындағы дирижорлар конкурсының лауреаты. Оркестрдің ыстық-суығына жастайынан қанығып, шыңдалған тәжірибелі музыкант. Талай гастрольдік сапарларда оркестрдің толық құрамыменде шағын құрамыменде жұмыс жасап жүрген көнігі маман. Бір сапарда барабаншының бірі аяқ астынан ұшынып ауырып, соның орынына барабан соққаны бар, бір жолы сыйрайшының орынын жоқтаптанғаны бар, жалпы оркестрге деген жауғи тәза, қамқорлығы мол азамат. Өнерге еңбегі сіңірген еріпте қарындасымен екеуі атаққа бірге ұсынылды. Бірақ «екеуінің бірі ғана жіберілсін» деген жоғары жақтан нұсқау келгенде атынан түсіп “осы жолы қарындасым алыс, мен бұйырса кейін ала жатармын” – деуі қандай мәрттік. Расыменде келесі жылы өзі алды.

2013 жылы Атырау қаласында мың адамнан құралған оркестр жылыып, орталық стадионда Құрманғазы бабамыздың туғанына 190 жыл толуы тойланды. Күй атасының күйлері бірінен соң бірі төгіліп Атырау аспанын күмбірлетті. Жасы бар, жасамысы бар дирижорлар мың адамдық оркестрге басшылық етті. Сол концертте Жанас ағамыз ең тәжірибелі дирижор ретінде Құрманғазының шамалыға бас бермейтін, орындауы қиын “Кішкентай” күйін өзінің көп жылғы тәжірибесі мен шеберлігінің арқасында, мың адамдық оркестр сәтті орындатып шықты.

Біраз жыл бұрын Қытай мемлекетіне, сол жақтағы қандастардың үкімет деңгейіндегі өтіншітері бойынша барып, халық аспаптары оркестрін сауаттандырып, өзінің мол тәжірибе-бісемен бөлісіп, екі ел арасындағы мәдени достық пен байланысты нығайтып қайтты. Бұл күнде Жанас ағамыз Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы университеттің жөне Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның « Құрметті профессоры», Аягөз ауданының «Құрметті азаматы», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері». Әліде қайрат-жігері мұқалмаған қажырлы маэстромызға сахнамыздың сөні болып, ұлттық өнерімізге еңбегін сіңіре берсе екен деген тілек арнаймыз.

Оркестр осы 86 - жылдық ғұмырында неқилы гастрольдік сапарларды бастан кешті. Неше буын ұрпақ ауысып, осы ұжыммен тағдырлы сабақтасып өсіп-өнді. Атаққа, даңққа кенелді. Қатардағы музыкант болсын, басқарушы болсын оркестрдің үлкендерінен ақыл-кеңес алып, тәжірибе жинақтап, мансаптары өсіп жоғарылап кеткені қаншама...бұл сөзіміздің дәлелі: 2013 жылы қыркүйек айында оркестрге екі жаңа басшы тағайындалды. Бірі жоғарыда айтылған Арман Жүдебаев болса, енді бірі Дүеушов Нұрғиса Мұратұлы. Нұрғиса жастайынан елгезек, музыкаға бала күнінен құмартып, қолына домбыра ұстап өнерге қадам басқан азамат. Студент кезінен оркестрге жұмықтап, оқуы аяқталған соң тұрақтап қалды. Ұйымдастырушылық қабылетімен көзге түсіп, күр ұзамай оркестрдің инспекторлығына тағайындалды. Бұл міндетті дөңгелете атқарып, оркестрдің басшылық мансабына көтерілді.

Жастық жігерменен құлшына кірісіп, оркестрдің тамырына жан бітіргендей, неше түрлі жобаларды дүниеге өкелді. Республика көлемінде бірнеше табысты гастрольдер ұйымдастырды. Оның басқаруының алғашқы жылдарына оркестрдің құрылуының 80- жылдығы (2014) тұспа-тұс келді. Оркестрдің мерейтойлары әдетте орын саны азық қылатын Абай атындағы опера және балет театрында өтетін болса, бұл жолы 1620 орыны бар , Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында өтті. Оркестрдің арғы-бергі тарихынан мәлімет беретін ЛЭД экраны қосылып, көрермендерге ерекше есер қалдырған айта қаларлықтай кеш сыйлады.

Нұрғиса Мұратұлы басшы ретінде небір батыл қадамдарға барып, асқан

жаңашылдығымен көзге түскен жас қайраткерлердің бірі. 2018 жылы сәуір айында оркестр ескі жұртымен (Бегенбай батыр к-сі-158) қимай қолтасып, жаңа қонысқа (Абылай хан даңғылы-83) көшіп қонды. Айтуға оңай болғанымен көшіп-қону аса күрделі мәселе. Осы істінде асқан ыждағаттылықпен мұқият атқарып шықты.

Осы жылдың 30-шы қыркүйегі мен 2-ші қазан аралығында «Құрманғазы және Ұлы дала сазы» атты Халықаралық фестиваль өтті. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткен бұл шараныңда идеясын беріп, ұйымдастырушысы болған Нұрғиса мырза. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған іс-шараға «ЮНЕСКО» штаб пәтерінен, «Түрікской» ұйымынан, Ресей Федерациясынан арнайы өкілдер, жақын және алыс шет елдердің дәстүрлі орындаушылары, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан Республикаларының өнер ұжымдары және еліміздің «академиялық» дәрежесі бар оркестрлері қатысты. Үш күнге созылған іс-шара аясында «Дәстүрлі өнер - жаһандану өлемінде» тақырыбында форум, республикамыздың, жақын шет елдердің күйшілік мәтебелі майталмандарының концерті, оркестрлер шеруі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, суретші Шахан Маханбетов пен фото тілші Рафхат Халеловтің «Күй және күйші» атты фото көрмесі және танымал дәстүрлі орындаушылардың концерттері өтті.

Осындай жарқын істерімен оркестрдің танымалдығы артуына мол үлес қосып келе жатқан Нұрғиса мырза, 2019 жылы мансабы жоғарылап Мәдениет министрлігінің орынбасары қызметіне ауысты. Алдағы уақытта Нұрғиса Мұратұлына амандық тілеп, абырой биігінен көріне беруіне тілекшіміз!

Жалпы оркестрдің ішкі мәдениеті, ұжым мүшелерінің арасындағы адами қарым-қатынас өте жоғары деңгейде. Олардың бір-біріне деген тілеулес пейілдері, жаңашырлығы, үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкенге деген ізеттілігі сонау қариялардан бастау алып, күні бүгінгі дейін әдемі жалғасып келеді. Осы тамаша дәстүрдің арқасы болар музыканттар шығармашылықтың шыңына шығып, басшылардың билік баспадығымен жоғары өрлеуі.

Сонымен жоғарылап кеткен Нұрғиса Мұратұлының орынына Мұқанғалиев Қуанышбек Жанболатұлы басшы болып тағайындалды. (12.07.2019) Қуанышбекте осы оркестрге студент кезінен келіп, сегіз жылдай қызмет етіп, мәдениет министрлігіне қызметке ауысқан азамат. Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласының мәдениет басқармасына басшылық жасап, тәжірибе жинап келген. Өрине, дирижорлық мансапты алғанымен жұмсақ креслода отыратын Қуанышбек мырзаның мұрасы болмады.

Жаңа қонысқа көшкенде бір-ақ жыл болған жұмысның мәселелері бастан асатын. 1954 жылы іргетасы қаланған ғимарат салынағыз күрделі жөндеу кермеген. Сырт келбеті келісті көрінген ғимаратты іші тазып кеткен. Мәдениет министрлігінің қолдау көмегі арқасында бірте-бірте жыртық жамалып, тесік бітеле бастағандай. Енді алда тұрған тағы бір үлкен міндет, оркестрдің құрылғанына 85- жыл толу мерейтойын өткізу болатын. Иә, айта қаларлықтай маңызды тойды тағыда министрліктің қолдауына сүйеніп, үш мыңға жуық көрермен залы бар Республика сарайында өткізді. (16.10.2019) Оркестр мүшелерін қызыл кілем үстімен жүргізіп, жеке-жеке есімдерін атап таныстырып, халық арасынан шығарды. Бұл көрініс көрермендерге ерекше есер етті, халық орындарынан тұрып, қол соғып қошеметтеп бақты. «Өнер-халықтық» болғанда, өнерпаздар солардың арасынан екенін меңзегендіктің белгісі.

Жаста болса көрегендігі басым Қуанышбек мырза оркестр ұжымын, ер кесіподақ мүшесінің келісімін ала отырып бұрынғы «Руханият» ұйымынан алып, Алматы қалалық филиялы “Қызмет” салалық кесіподанына ауыстырды. Төрайымы Айнақұлова Данагүл Мұхамедкерімқызы. Бұл кесіподақ ұйымының өнер ұжымдарына ерекше қамқорлығы барына, қазірдің өзінде қызметкерлердің көзі жетіп, Қуанышбек мырзаға алғыстарын жаудыруда. Иә, жаста болса алғырлығымен көзге түскен басшы мырза, өліде талай жарқын істердің бастамашысы болатыны даусыз.

Осы мақала әзірленуіне Устінде Мәдениет және спорт Министрі Райымқұлова Ақтоты Рахметолқызының бұйрығымен басқа қызметке ауысуына байланысты, Қуанышбек Жанболатұлы қызметінен босатылыпты. Орынына орынбасары Қуанышев Медет тағайындалды. Жаңа ғана тағайындалған Медет мырзаның қадамына сәттілік тілейміз! Күй ордасынан шыққан талантты оғлан-сарайымызға, биіктеген сайын ұшқан ұяларыңа деген қамқорлықтарың мен күштарлықтарың арта түссін деген ігі ниетпенен, бүгінгі ойымызды аяқтаймыз.

Мақсат ТІЛЕПБЕРГЕН, ҚР Мәдениет қайтаткері.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
 Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
 Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
 Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 дана. Тапсырыс №1420 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің Баспаханасында Басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БОЛСЫНШЫ ӨЗ ДЕГЕНІН, ЕРЕКШЕ ЕРКЕМ МЕНІН!

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ КАБИНЕТИ 2013 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕДІ. АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫ КҮРДЕЛІ БҮЗЫЛЫСТАРЫ БАР 10 БАЛАМЕН ЖҰМЫСТЫ БАСТАҒАН. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ КАБИНЕТИНДЕ ОБЛЫСТЫҚ ПМПК ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНАН БАСТАП 57 БАЛАҒА ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАСАЛЫП КЕЛЕДІ. ОНЫҢ ІШІНДЕ, 34-І ҮЛ БАЛА БОЛСА, ҚАЛҒАН 23-І ҚЫЗ БАЛАЛАР. ОЛАРҒА КӨРСЕТІЛГЕН САПАЛЫ ЖҰМЫСТАР МЕН МАМАНДАРДЫҢ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІНІҢ АРҚАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҒЫНДА ОҢ НӘТИЖЕ БЕРІП, АТА-АНАСЫН ҚУАНТЫП ЖАТҚАН БАЛАЛАР ДА БАР.



Жалпы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті 18 жасқа дейінгі даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету үшін құрылған арнайы білім беру, яғни коррекциялық көмек көрсету ұйымы. Кабинет «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді. Орталықтың басты мақсаты балалардың психологиялық-педагогикалық түзету және әлеуметтік көмекке қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін анықтай отырып, түзету-даму жұмыстарын жүргізіп, әлеуметтік ортаға бейімдеп, тәрбиелейді. Сонымен қатар, тірек-қозғалыс аппараты, сөйлеу, көру, есту, қабілеті, эмоциялық-еріктік саласы бұзылған, оқуында, қарым-қатынас жасауда, мінез-құлқында қиыншылықтары бар балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту түрінде кешенді психологиялық-медициналық, педагогикалық көмектер көрсетіледі. Бүгінде орталықта 9 маман ерекше балалармен, олардың ата-анасы үшін өз жұмыстарын сапалы атқарып келеді. Бар уақытын ерекше балалардың, ерекше өміріне арнаған мамандар шоғыры саусақпен санарлық болса да,

тежелген, эмоциялық-ерік ерекетінде және мінез-құлқында бұзылыстар бар балалар қамтылған. Сабақ беру кезінде балаларды топтастырудың да өзіндік шарттары бар. 1 жас шамасы немесе өртүрлі жас шамасы қағидалары бойынша жинақталады. Аталған топтар саны ППТК және түзету-педагогикалық жұмысты жүзеге асыру үшін арнайы жағдайлардың болуымен айқындалады. Сабақ беру үдерісі мен ұзақтығы ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың жасына тікелей байланысты болып табылады. Жеке сабақтар 20-30 минутты құраса, екі жасстан бес жасқа дейінгі мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға арналған топтық сабақтар 35-40 минуттан тұрады. Мектепке дейінгі ересек 5 жасстан 7 жасқа дейінгі және мектеп жасындағы 6 жасстан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған топтық сабақтар 35 минуттан өткізіледі. Баланың психофизикалық жағдайын ескере отырып, түзету-даму сабақтары жеке және топтық нысанда ұйымдастырылады және баламен аптасына даму сабақтары жеке және топтық нысанында ұйымдастырылады және балаларға аптасына 2 рет немесе 3 рет жеке сабақтар беріледі. Бұл аталған қызметтер орталықтың осы уақытқа дейін атқарып келе жатқан жемісті жұмыстары. Бала жанына терең бойлап, бар жан-дүниесімен қолшын беріп кішкентай да болса өміріне өзгеріс енгізуге тырысқан әр маман ерекше құрметке лайықты. Жоғарыда атап өткен қызметтер әр балаға бөлінген ерекше уақыттар, бәрі-бәрі мейірімді және жанұялық құлауымен атқарған адал еңбегі екендігін аңғаруға болады. Ерекше баламен жұмыс жасап қана қоймай, ата-аналарды өмірге деген талпынысын оятуға тырысып түрлі шаралар атқарып келе жатқандықтарын аңғаруға болады. Өзге саламен салыстырғанда да келмейтін бұл саланың қызметкерлері көптің алғысына бөленіп келеді. Қызметкерлердің айтуынша 57 баланың ішінде тым құрығанда

араласуына ықпал етсе, енді бірі ақылы түрде өткізілген концерттік бағдарламалардан түскен қаражат балалардың қажеттіліктеріне жұмсалады. Ерекше балалар мен олардың ата-анасын, орталықтағы қызметкерлерді бір арнаға тоғыстыра отырып қызмет етіп жатқан Айжан апай бір үзік сырларымен бөлісті. «Мен бастапқыда бұл саладан тым тысқары неміс тілінің мұғалімі болатынмын. Бір күштің осы бағытқа жетелегені болар бәлкім айда-жоқта Қ. Жубанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетіде Дефектология мамандығын алып шықтым. Содан бері осы орталықта ерекше балалар үшін қызмет етіп келемін. Бүгінде зейнеткерлік жасына да аяқ бастым. Осыған дейін талай тағдырдың күегері болдым. Сай-сүйегімді сырқыратып өктердей сәттер де жиі кездесті. Дегенмен менің мақсатым осы жасқа дейін балалардың болашағын алып шықтым. Содан бері осы орталықта ерекше балаларға айырбастаған сәттен бері олармен жаным-тәнім де бірігіп келгендей. Түрлі топтағы балалармен жұмыс жасап қана қоймай, ата-анасына баса назар аударатынымызды айтқым келеді. Пенде болған соң, түрлі жағдайлар орын



алатындығы белгілі. Бір үміттің желкелінен ұстап балаларын жетелеп келетін ата-аналар бар. Ал кейбірі баласы үшін ұялып, орталыққа әкелуден бас тартатындар да жоқ емес. Бұл қазіргі қоғамның шындығы. Сіздің сұрағыңызға толық қосыламын. Шынымен Ойыл ауданы экологиялық қауіпті аймаққа жатпайды, дегенмен мүмкіндігі шектеулі балалардың қарасы күннен-күнге көбеймесе, азымай тұр. Бұл дееніміз аналарымыздың баласы құрсағында жатқан сәттен бастап денсаулығына немқұрайлы қарауының нәтижесі. Сол себептен, аналарға кеңесім балаңыздың өмірі үшін денсаулығының бүгіннен бастап баланың назарда ұстауды сұраймын. Ол үшін жұрттік кезінде дұрыс тамақтануды, таза ауада жиі серуленуді, депрессия мен стресспен аулақ болуды, алькоголді зиян заттарды мүлдем қолданбау керек екендігін білуіңіз қажет. Ерекше балалардың түрлі бұзылыстары туа бітті және жүре пайда болады. Біздің орталық әр баланың сабағының оң нәтиже беруі үшін бар күшін салады. Дегенмен ата-ана тарапынан да алға іргерлеушілік болуы керек. Біз әр

істердің себепкері болғаны үшін түрлі марапаттардың да иегері атанды. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған болатын. Өйтсе де Айжан апайдың жеңісі марапаттар емес, бір баланың болсын мына өлемге тура қарап, бақытты балалық шақты жасап кешіруі болып табылады. САҒАН ТҮҒАН АНАДАҰ ЖАҚЫН КЕЛЕМ Орталыққа бас сұққан сәтте барша қызметкерлердің көзінен ерекше мейірім лебін сездім. Барлығының тілегі бір ерекше балалардың сауығып қатарға қосылуы ғана. Әрбір қызметкермен тілдесу барысында ұққаным өз саласына деген нағыз махаббатың үлгісін көрдім. Балалармен тілегі де, жүрегі де бір екендігін аңғардым. Барлық қызметкердің орталыққа келуі осы мамандықты таңдауының өзі бір тарих. Бастысы өз саласының жігілін шағып майын ішкен тұлғалар екендігіне айқын. Бала мен ананың жанын бір кісідей ұғына білген мамандардың еңбегі қашан да құрметке лайықты. Солардың бірі мұғалім дефектолог Жанар Нарегееваның осы орталыққа келуі, журналистиканы осы саламен алмастыруының өзі үлкен ерлік. Талай жыл журналистикада қызмет етіп келген Жанар апай өзінің бала арма-



«Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебі» КММ – нің еркін күрес жаттықтырушысы Дәулетқалиев Құнанбай Тұрашұлы



Құрметті Құнанбай Тұрашұлы 60 жас мерейтойыңыз құтты болсын. Өр уақытта қажымай – талмай, өз ұжымыңыздың қадірлі азаматы, өз шәкірттеріңіздің қайратты жаттықтырушысы, қызығы мен қиындығы қатар жүретін жұмысыңызда нәтижелі жетістіктерге жетіп, шәкірттеріңіздің биік тұғырлардан көріне беруіне тілектеспіз. Отбасыңызға амандық тілейміз. Ізгі тілекпен: Ойыл БЖМҚ ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы.

Ойыл селосы Дауленов көшесі 39 үйдің тұрғыны Дәулетқалиев Құнанбай Тұрашұлы



Аса құрметті Құнанбай Тұрашұлы сені асқарлы 60 жасқа толуыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Бірімізге шәкірт, бірімізге замандас, бәл кілемде құрдас болдыңыз. Өміріміз ерқашан сыйластықта өтті. Адалдығыңызбен, әділдігіңізбен ерқашанда құрметке ие болдыңыз. Жолдасың Базарғұлмен бір балда – шағанның қызығын көріп 100 жаса. Ізгі тілекпен: ұстазың Ерболат Есниязов, достарың біре жұмыс жасаған жолдастарың Қазі Мұханбеталин, Мінсібай Жайлыбаев, Әли Әжнязов.

Ойыл селосының тұрғыны Дәулетқалиев Құнанбай Тұрашұлы 60 жасымен құттықтаймыз!



Құдіретті табиғат адам қасиеттерін мол дарытқан бапкеріміз, ауданымыздың спорт ардагері Құнанбай Тұрашұлы Дәулетқалиевты қызмет деген бір белестен өтіп, мерейлі жасқа жетіп отырған 60 жасымен құттықтаймыз! Ақ жүректен сезіп «Балкер бақытын», Шәкіртімен өткен барлық ғұмыры. Сізге арнаймыз тілектің ең жақұтын, Даңқыңыздың биік болсын тұғыры. Асқарлы 60 жасыңыз құтты болсын, Ағайым, Мына өмірде көрдің қиын талайын. Қиын белдер артта қалып бақ келсін, Қара шаштың ақ шалмасын сарайым. Өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігіңіз даусыз. Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Тілек білдірушілер: барлық шәкірттері.

Алғыс

Полиция қай уақытта да тыныштықты тілекшісі. Мемлекеттік бюджетке қарағандықтан қазынадан бөлінген қаражатқа тәуелді. Алайда, кей кездерде уақыт талабына мүмкіндік бола бермейді. Мәселен, аудандық органға келген адам үшін кейде өзіміздің қысылатын сәтміз бар. Яғни, есіктің алды. Тазалықты табылдықтан бастайтын ұғымға сүйенсек, бұл жолы өкесінің өмір жолының ең елеулі кездері өткен істер органына «Ерхат Жолдары» ЖШС-нің бас директоры Мұқтар Ермұханов өзінің азаматтық қолшын ұсынды. Аудандық полиция бөлімінің алдындағы алаңға түгел асфальт жамалысын төсеп берді. «Өке көрген оқ жонар» - деген осы болса керек. Сондықтан, «Жігіттің де жігіті бар, азаматы бір басқа» дегендей, осындай азаматтық танытып, ізгіліктің үлгісін көрсеткен ағайынды Мұқтар мен Мұқит ағаларымызға алғыстан басқа айтармыз жоқ. Құрметпен Ойыл аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов.

Алғыс

Мен жеке кәсіпкер Бердіғалиев Самат, Ойыл селосындағы «Бекарыс» қоғамдық тамақтану орталығында кәсіпкерлікпен айналысамын. Қазан айында «Бекарыс» қоғамдық тамақтану орнына мобильдік топ мүшелері келіп, тамақтану орталығында санитариялық талаптардың сақталмағандығы жөнінде ақт жасап, өкімшілік айыппұл салатынын айтты. Ақтде көрсетілген кемшіліктермен келіспей, мен аудандық прокуратураға хабарласып, өз шағымымды білдірдім. Нәтижесінде мобильдік топ мүшелерімен толтырылған ақт дұрыс еместігі анықталды. Осылайша аудан прокуратурасының қызметкерлерінің арқасында мені заңсыз өкімшілік жауапкершілікке тартылуыма жол берілмей, кәсіпкерлік құқығым қорғалды. Сол үшін аудан прокуратурасының қызметкерлеріне алғысымды білдіріп, жұмыстарына сәттілік тілеймін.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады. 2020 жылға жеке тұлға көлік салығының төлеу мерзімі 2020 жылдың 31 –ші желтоқсанына дейін екенін ескертуді.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ПТР ТЕСТ ПЕН МАСКА БАҒАЛАРЫ ЕКІ ЕСЕ АРЗАНДАДЫ

Бәсекелестікті қорғау және дамуы агенттігі зертхана қызметтері мен жеке қорғаныс құралдарының бағалық саясатына мониторинг жүргізді. Нәтижесінде ПТР-тест бағасы 36 нарық субъектісімен ашық сауда-өткізу саясатын көздейтін монополияға қарсы комплекс жасау арқылы 18 000-нан 9 000-ға дейін төмендетті («Олимп» ҚДЛ) ЖШС және «Ивино» ЖШС 9 мың теңгеден аспайтын бағаларды белгіледі. «Сұңқар» ЖШС және «Әйгерім» ЖШС келегелен зертханалары бағаларды тиісінше 6 000 және 7 000 теңгеге дейін төмендетті. Медициналық масклардың бағасын өндiрушiлер орта есеппен 21 теңге/ данаға дейін төмендетті, дистрибуторлар мен бөлшек сауда желілерінің үстеме бағасы өндiрушiлермен, дистрибуторлармен бөлшек сауда желілерімен монополияға қарсы комплекс өзірлеу арқылы 20 теңгеден 3 теңгеге/дана дейін, орта есеппен 60 теңгеден 26 теңгеге/дана дейін азайды.

ЕСКЕ АЛУ

Ақшатау елді мекені Жалғас Мейрамбек Омарғалиұлы (07.11.1995 ж – 09.08.2017 ж) Тірі болса туған күні болушы еді, 25 жасқа бүгін толушы еді. Сұм ажал кел өкетпесе баламды, Ортамызда күліп ойнап жүруші еді. Еске алушылар: ата – анасы, бауырлары.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы, аурухананың ардагер дәрігері Қысқов Аманғосқа баласы Жәніс Жәнісұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



атқарып жатқан жұмыстары ауыз толтырып айтарлықтай. Орталықтағы мамандар бір отбасы спетті. Олар өз саласын жетік меңгерген, ерекше баланың тағдырының оң бағытқа өзгеруіне себепкер болып келеді. Ұымда мекеме менерушісі Айжан Алминаязова бастаған бір топ қызметкер бар. Олардың қатарында әдіскер Жайнагул Ерқайырова, мұғалім дефектолог Жанар Нарегеева, мұғалім логопед Мәнсулу Жаңбыршина, әлеуметтік мұғалім Ақнұр Ойнарова, психолог Ботакөз Байниязова, мұғалім дефектолог Айдана Құмар, ЕДШ маманы Медет Есбоуынов, саз мұғалімі Айнара Асанғалиева бар. Аталған мамандар ата-аналармен жұмыс жасап кеңес бере отырып, түзету-даму сабақтарын жүргізеді. Аптасына 2 рет кесте бойынша әр бала жеке немесе ата-анасымен бірлескен түрде сабаққа қатысады. Ұымдағы 9 маман аудандық басынан келетін 37 бала мен ауылдардан қатынап оқитын 20 баламен жұмыс жасап келеді. Оңалту орталығы жыл басында оқу-тәрбие жұмысының жоспарын жасағанда, балалардың жас ерекшеліктерімен қатар жеке басының психологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайы мен денсаулығындағы өзгерістер ескеріледі. Сонымен қатар, әрбір баламен жас ерекшеліктеріне жеке тұлғасының қасиетіне, кемістіктің құрылысына, бұзылыстың мән-жайын ескере отырып түзету-даму сабақтары жүргізіледі. Ал ППТК психологиялық-педагогикалық көмекті ПМПК қорытындысы негізінде туылғаннан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін,онын ішінде көру қабілеті бұзылған, есту қабілеті бұзылған, сөйлеу тілінде бұзылыстар мен дамуы тежелген, тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылысы бар, зерде бұзылысы мен психикалық дамуы

бір баланың өміріндегі өзгерісті яғни алға жылжуды байқасақ, ол біздің үлкен жеңісіміз. Ата-ананың санасындағы бұлыңғыр болашақ пен күмәнді ойларды сөйлеуге барынша тырысатындықтарын айтады. САНАДАҒЫ ТӨНКЕРІС Бұрынғы ата-анамыздың Құдайдан баламен сынамауын сұрап тілек тілеп жатқандықтарын құлақ шалушы еді. Ол кезде ана сүті аузымызда кетпеген сары ауыз балапан болатынбыз. Бүгін міне осынау сөз тіркесінің мәнін ұғынғандай күй кештім. Ойыл аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне бас сұққан сөттен-ақ ерекше күш бойды билеп өжетті. Бөлім менерушісі Айжан Алминаязова өте жарқын адам екен келген сөттен құшақ жай қарсы алып бар мән-жайды баяндап берді. Ұзақ уақыт бойы ерекше балалармен жұмыс жасап келе жатқан Айжан апайдың көзінен ана мейірімін, аппақ, таза жүректің иесі екендігін аңғару қиын емес. Бар уақытын балалардың оңалуына арнап келеді. Орталыққа келген балаларға түрлі ем шаралар қолданып қана қоймай қосымша қоғаммен етене араласуына ықпал етуде. Бұның дәлелі ерекше балалардың қатысуымен түрлі мәдени шараларды ұйымдастырылуы. Сонымен қатар балалардың халық арасында өзгелерден оқшау қалмауы үшін үлкен саханаларға алып шығып концерттік бағдарламалар жиі ұйымдастырылады. Аталған іс-шаралар үлкен қажыр қайратты талап ететіндігі белгілі. Бұл күш пен қайратты Айжан апай балалар үшін, олардың болашағы үшін жұмсайтындығын айтады. Он екі мүшесі сау бала мен ерекші баланы тең дәрежеде көріп соған жеткізуге талпынып күш салудың өзі үлкен еңбекті қажет етеді. Ұйымдастырылған шаралардың ең бірінші пайдасы балалардың қоғамға етене



баланың сауығып жұлдыз болып жарқырауына себепкер болағанымыз үшін аса қуаныштымыз. Өңіріміздің жоғары азаматтарына да ризашылығымызды білдіріп келеді. Қандайда бір мереке, жиын болса қаржылай, заттай көмектерін аяған емес. Бар тілегім өзімізде бүлдіршіндер қиналмаса екен деймін. Әр бала бақытты балалық шаққа лайықты» - дейді. Айжан Ақжарықызы қажырлы еңбегінің арқасында көптің алғысын алып келеді. Дана халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - деп тегін айтпаса керек. Айжан апай үлкен

